


A cartoon illustration of a person with dark hair, wearing a light blue long-sleeved shirt, holding a white document. Four yellow circular icons with black outlines float around the person's head: a heart, a speech bubble, a thumbs up, and a share symbol. The person is smiling and looking at the document. The entire scene is set against a white background with a blue header bar at the top.

7M04102 «СПОРТ МЕНЕДЖМЕНТІ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

A yellow rectangular banner with a purple border. On the left side, there is a red circular icon with a white play button symbol. On the right side, there is a yellow speech bubble with a purple outline. The text is centered on the banner.

ОҚУ МЕРЗІМІ: 1 ЖЫЛ






| 7M04102 «СПОРТ МЕНЕДЖМЕНТІ»

- Білім беру бағдарламасының сипаттамасы
- Білім беру бағдарламасының мақсаты
- Негізгі модульдер
- Білім беру бағдарламасының түлегі моделі
- Бағдарлама түлегі





Білім беру бағдарламасының сипаттамасы




7M04102 «Спорт менеджменті» бағдарламасы дене шынықтыру және спорт саласындағы ұйымдарды, спорттық жобалар мен іс-шараларды тиімді басқаруға қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Оқыту үдерісі стратегиялық басқару, маркетинг, спорт экономикасы, құқықтық реттеу, демеушілік және қоғаммен байланыс салаларындағы құзыреттерді дамытуға негізделген.

Бағдарламада спорттық ұйымдарды басқарудың заманауи тәсілдеріне, спорттың цифрлық трансформациясына, спорттық бағдарламаларды әзірлеу мен жүзегеасыруға, спорттық нысандарды басқаруға, спорттық брендтерді ілгерілетуге және спорт саясатын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Білім беру үдерісі теориялық дайындықты практикалық бағдарлау жобаларымен және жетекші спорт ұйымдарындағы тағылымдамалармен ұштастырады. Бағдарлама түлектері спорт федерацияларында, клубтарда, мемлекеттік ұйымдарда, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарда, сондай-ақ халықаралық спорт жобаларында кәсіби қызмет атқаруға қажетті дағдыларды меңгереді





Дене шынықтыру және спорт ұйымдарында ұлттық және халықаралық деңгейде тиімді жұмыс істей алатын, спорт менеджменті саласында заманауи білімге, басқарушылық құзыреттер мен практикалық дағдыларға ие жоғары білікті мамандарды даярлау.



Білім беру бағдарламасының мақсаты



Негізгі модульдер



- Спорттағы стратегиялық менеджмент;
 - Спорт экономикасы және қаржысы;
 - Спорттық қызметтің құқықтық қамтамасыз етілуі;
 - Спорт индустриясындағы жобалық менеджмент;
 - Спорт менеджментіндегі цифрлық технологиялар;
- Спорттық нысандар мен іс-шараларды басқару





Спорт менеджменті» бағытындағы бейіндік магистратураның түлегі спорт индустриясында тиімді жұмыс істеуге қажетті заманауи басқарушылық білім мен практикалық дағдыларды меңгерген жаңа буын маманы. Түлек стратегиялық тұрғыда ойлап, табысты жобаларды әзірлейді және жүзеге асыра алады, спорттық ұйымдарды басқарады, маркетингтік кампаниялар жүргізеді және стейкхолдерлермен тиімді байланыс орнатады.



Білім беру бағдарламасының түлегі моделі





Спорт саласындағы менеджмент, маркетинг, экономика және құқықтың заманауи теориялары мен тәжірибелерін меңгерген

Спорттық ұйымдарды дамыту стратегияларын әзірлей алады, спорттық жобалар мен іс-шараларды ілгерілете алады

Спорттық құрылымдардың қаржылық және адами ресурстарын тиімді басқарады

Спорттық жобаларды басқару мен ілгерілетуде цифрлық технологияларды қолданады

Халықаралық спорттық қызметтің ерекшеліктерін түсінеді және көпмәдениетті ортада жұмыс істей алады

Бағдарлама түлегі



Түлектің кәсіби қызмет саласы:

спорт клубтары мен федерациялары, спорттық кешендер, дене шынықтыру және спортты дамытуға бағытталған мемлекеттік және жеке ұйымдар, сондай-ақ халықаралық спорт ұйымдары

